

Алакөл ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 18 қыркүйегіндегі № 249 "Алакөл ауданында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Жетісу облысы Алакөл ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 3 қазандағы № 285 қаулысы.
Жетісу облысы Әділет департаментінде 2023 жылы 4 қазанда № 65-19 болып тіркелді
Алакөл ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алакөл ауданының әкімдігінің "Алакөл ауданында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын бекіту туралы" 2019 жылғы 18 қыркүйегіндегі № 249 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5256 болып тіркелді) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

"Алакөл ауданында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын айқындау және бекіту туралы".

көрсетілген қаулының 1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1.Алакөл ауданында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындары осы қаулының қосымшасына сәйкес айқындалсын және бекітілсін".

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

С. Абдинов Алмас

2023 жылғы 3 қазандағы № 285
Қаулысына қосымша

Алакөл ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындары

№ Р/с	Стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындары	Қызмет саласы	Орналасқан алаңы, шаршы метр	Сауда қызметін жүзеге асыру кезені, жыл	Ж а қ ы н орналасқан инфрақұрылым (ұқсас тауарлар ассортименті сатылатын сауда объектілері, сондай-ақ қоғамдық тамақтану объектілері)

1	Көлбай ауылдық округінің Көлбай ауылы, Алматы-Өскемен автомобиль жолының бойында Құрманов көшесі № 2 "Эльмира" дүкенінің жанында	Азық-түлік және азық-түлік емес тауарлар	72	5	"Эльмира" дүкені
2	Жанама ауылдық округінің Алматы-Өскемен автомобиль жолындағы Қарабұлақ ауылының бұрылысының оң және сол жақ бойында	Азық-түлік және азық-түлік емес тауарлар	100	5	Жоқ
3	Ырғайты ауылдық округінің Көктұма ауылы, Қонаев көшесінің №18 және № 26 үйлердің арасындағы алаң	Азық-түлік және азық-түлік емес тауарлар	100	5	Жоқ
4	Ырғайты ауылдық округінің Ақши ауылы, Сейфуллин көшесінің №47 үйдің жанындағы алаң	Азық-түлік және азық-түлік емес тауарлар	120	5	Жоқ
5	Достық ауылдық округінің Достық ауылы, Қонаев көшесінің №5 үйдің жаны	Азық-түлік және азық-түлік емес тауарлар	100	5	Жоқ
6	Бескөл ауылдық округінің Бескөл бекеті Достық көшесінің № 26 а бойынан, "	Азық-түлік және азық-түлік емес тауарлар	60	5	

	Ахметов" дүкеннің жанында				"Ахметов" дүкені
7	Лепсі ауылдық округінің Лепсі ауылы, Әл-Фараби көшесінің №6 үйінен, "Горный Хрусталь" кафесінің жанында	Азық-түлік және азық-түлік емес тауарлар	36	5	"Горный Хрусталь" кафесі
8	Тоқжайлау ауылдық округінің Тоқжайлау ауылы, Бөгенбай батыр көшесінің №145 үйдің жанындағы алаң	Азық-түлік және азық-түлік емес тауарлар	100	5	Жоқ